

*Ақтөбе қаласы №61 жалпы білім беретін орта мектебі*



***ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ  
БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН  
ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТАЛДАУЫ***



***2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ***

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып, «Заң және тәртіп», «Әділдік және жауапкершілік», құндылықтарын негізінде әр айдың және аптаның жұмыстары жоспарланып ұйымдастырылды. Класс кабинеттерінде және мектептің әлеуметтік желісінде әр апта дәйексөзі шығарылды. Дүйсенбі күні мемлекеттік гимн орындалды. **Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша №4 ҚПБ бірлескен жоспар жасақталып, мамандарымен дәрістер, кездесулер мен рейд жұмыстары өткізілді.**

Қыркүйек айында 1-4 кластарға «Жол ережесі» түсідіру жұмыстары, «Құқықбұзушылықтың алдын алу», «Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы», «Әкімшілік құқықбұзушылық заңнамасының талаптарын түсіндіру» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларына КТДЖИ инспекторы Ж.Түменбаев дәріс оқылды.

Қазан айында №2 қалалық емхана мамандары А.Б.Сәндібекова, Г.Жанғали, А.Кемежанова «Отбасын жоспарлау» тақырыбында 9-11 сыныптармен түсіндірме жұмысын жүргізді. Мектеп инспекторы Е.Утенов 5-11 сыныптар аралығында «Ұрлық» тақырыбында дәріс оқып, қылмыстық баптармен таныстырды.

Қараша айында Ақтөбе облысы ПД ЖПҚБ ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы полиция майоры С.Т.Елеуов «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық туралы» тақырыбында 8 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

2022, 2023 оқу жылымен салыстырғанда 2024 оқу жылында қыркүйек, қазан, қараша айларында мектепшілік есепте 10 оқушы тұр, құқықбұзушылықтың азаюы байқалады. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында КТДЖБ-нің есебіне тіркеуде тұрған оқушы жоқ. Наркодиспансердің есебінде ешқандай оқушы тіркелген жоқ. Мектепшілік бақылауда 10 оқушы. Олар 9 а-1, 9б-2, 9в-1, 10а-2, 10ә-1, 10б-2, 11 б-1 оқушы .

Тәуекел тобында тұрған (мектепшілік, қалалық есепте тұрған) оқушылармен жұмыс

№	Оқу жылы	Оқушылар саны		
		ПБ-де есепте	Мектепшілік есепте	«Тәуекел»тобында
1	2023-2024	0	10	10
2	2024-2025	0	7	6

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы «» сынып бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдер істері бойынша салыстырмалы кесте

Оқу жылдары	2023-2024	2024-2025
Оқушы саны		1183
Мектепшілік есепте	10	7

Сабақтан қалғаны үшін	0	0
Тәртібі үшін	10	7
Сәтсіз отбасы	0	0
Тәуекел тобы	10	6
ПБ-де тұрған	0	0
Ішімдік ішкені үшін	0	0
Қоғамға әсер ететін және әкімшілік шара қолданылатын құқықбұзушылықтарды жасағаны үшін	0	0
Ауыр жаза	0	0
Төбелес	0	0
Ұрлық	0	0

### **Мектепшілік есебіндегі және олардың ата-аналарымен жұмыс.**

Әлеуметтік қызметтің ең негізгі бағыты КТІЖБ есепте, мектепшілік есепте және «тәуекел топ» есебінде тұрған оқушылармен жұмыс.

Бұл тіркеудегі оқушыларға қазіргі уақытта оқушының есепке алу парағы, оқушының жеке парағы, оқушыны есепке алу хаттамасы, оқушының тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, сол оқушымен (әр қайсысымен) атқарылатын жұмыс жоспары, мектеп психологімен, тәлімгерімен, сынып жетекшісімен, ата-анасымен сұхбаттасу жоспары, психологтің жүргізген жұмысының қорытындысы (әр оқушыға) сияқты жеке бақылау қағаздары толтырылды.

Мектеп бойынша «Тәуекел тобында» есебінде 7 оқушы тұр. «Тәуекел тобындағы» есебіндегі оқушылармен және әлеуметтік жағдайы төмен оқушылардың ата-аналарымен жүргізілген мектеп психологінің сұхбатының нәтижесінде арнайы бақылау жасалынып әлеуметтік жұмыстар бойынша орынбасарына есеп беріліп отырды. Мектептің тәрбие ісі орынбасары жалпы ата-аналар жиналысында бала тәртібі, баланың өз-өзіне қол жұмсауы сияқты мәселелерді қозғауы ата-аналарының сөзі бойынша нәтижесіз қалған жоқ. «Тәуекел тобы» есебіндегі оқушылардың барлығы үйірме, секциялармен қамтылған.

Құқықбұзушылығын алдын алу отырысы бойынша мектепшілік жоспарлы және кезектен тыс отырыстарында 3 іс қарастырылып хаттама толтырылды.

Әр ай сайын мектепшілік тізімде, тәуекел топ тізімдегі, КТІЖБ есепте тұрған оқушылардың үйлерін аралау рейді жүргізіледі. Оған сынып жетекшілер мектеп инспекторы, мектеп әкімшілігі қатысады.

Оқушылардың бос уақытын өткізуін бақылау мақсатында тұрғылықты жерлерден және мөлтек аудан бойынша байқалған ойын клубтарында

оқушылардың жиі болуын анықтау рейдін «Тәртіп сақшылары» тобының жетекшісі Б.Баймурзаев, мектеп инспекторы және сынып жетекші бақылауымен жүргізілді.

Оқушылардың сабақты себепсіз босатуын болдырмау мақсатында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

- әр сынып жетекші әр күнгі және апта бойғы оқушылардың сабақты босатуы жайлы есеп берді;
- сабақ босатқан оқушылардың себебі анықталды (анықтама қағазының куәлігі бойынша);
- ата-анасымен әр күні байланыс жасалды;
- қажетінше тиісті шаралар қолданылды;
- арнайы басталған оқушылардың сабаққа қатысуын тексеретін журналдың бүтіндігі тексеріліп отырды;

2023 жылға қарағанда 2024 жылы құқықбұзушылықтың төмендеуі бар. Былтырғы жылы құқықбұзушылықтардың барлығы мектептен тыс жерлер болған. Ата-аналармен әр түрлі жұмыстар жүргізілуі барысында, нәтиже болған. Ал биылғы жылы мектеп ішінде болған құқықбұзушылықтардың барлығы оқушылардың салғырттығынан және жауапкершілігінің аздығынан.

Ұсыныс: сынып жетекшілерлермен, пән мұғалімдеріне дәріс сабақтар жүргізу.

2024-2025 оқу жылындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыс жоспарына сәйкес қараша айының 18-24 аралығында «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» апталығы қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында апталық іс-шара жоспары жасалынып өткізілу жоспарлануда.

Әрбір азамат еліміздегі тәртіп пен қауіпсіздікке жауапты болуға тиіс. Әр тұрғын кез келген тәртіпсіздіктің жолын кесуге міндетті. Оны басқа біреу істейді деп күтпеу керек, арнайы органдарға сілтеудің қажеті жоқ. Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды қорлау, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету құқықтық мәдени іс болуы қажет және әрбір азаматтан шығуы тиіс.

Құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған акция барысында 8-сыныптар оқушылардың сынып жетекшілері ұйымдастыруымен оқушыларға жоғарыда айтылған мәселелер кеңінен түсіндіру мақсатында маман шақырылды, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Б.Еркебаевамен мектеп инспекторы Ж.Түменбаевпен бірлесіп әр сыныпта түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Толықтай айта өтетін болсақ:

8 сәуір күні “Қоғамдық мүлікті қорға” тақырыбында кездесу өтті. Кездесуге Ақтөбе облысы ПД ЖПҚБ ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Елеуов Серік Темиргалиевич келді. Дәл осындай мамандармен бірлесе ұйымдастырылған кездесулер мен ақпараттық-түсіндірме жұмыстары 2024-2025 оқу жылының жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жоспары төңірегінде қарқынды түрде өткізілді.

9 сәуір күні «Құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің, нашақорлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» бағытындағы 2025 жылға арналған іс-шаралар жөніндегі жоспардың орындалуы мен нәтижелері туралы Ақтөбе қалалық

4 ҚПБ полиция қызметкері Ж.Түменбаевтың қатысуымен жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

25 сәуір күні №61 жалпы білім беретін орта мектепке жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және мектеп аумағына алып келуге тыйым салынған заттарды тексеру мақсатында №4 ҚПБ ЖПҚБ Ювеналдық полиция тобының учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Түменбаев Жұлдызбек Габдигалиевич пен ПД ЖПҚБ ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы полиция майоры Елеуов Серик Темиргалиевич келіп оқушылар арасында тексеріс жұмыстарын өткізді. Сонымен қатар оқушыларға тексеріс барысында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

25 сәуір күні мектебімізде кезектен тыс “Бала қауіпсіздігі басты назарда” тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Күнтәртібіндегі мәселелер:

1. “Ата-ана бақылауы” бағдарламасын орнату.
2. “Қауіпсіз терезе” акциясының жұмысы.
3. Демалыс уақыттарындағы су айдындарында білуі керек қауіпсіздік шаралары.

5 мамыр күні «Жол жүрісі оқиғаларының алдын алу» мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сыныптарда оқушының жас ерекшелігіне қарай ақпараттық сабақтар өткізілді. Сонымен қатар Ақтөбе қалалық прокуратурасының №2-03-25-01701 шығыс хаты негізінде “Есірткінің адам өміріне зияны” тақырыбында оқушыларға қоғам белсендісі Қалалық №2 емхана бала дәрігері Құлманова Арайлым Мәдениетқызы 9 “Ә” сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

10 сынып білім алушыларына « Заң және тәртіп жолындағы еңбек» шарасы жүргізілді. Мақсаты « Заң және тәртіп» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз мемлекеттеріне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Шара барысында оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы білім алушы сыбайлас жемқорлық демократия мен құқықтық тәртіпті әлсіретеді, бұл адам құқықтарының бұзылуына алып келеді, нарықтық тетіктерді бұрмалайды, адамдардың өмір сүру сапасын нашарлатады, ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге және халықаралық қауіпсіздіктің басқа да қауіп-қатерлеріне ықпал етеді деген пікірге келді.



[https://www.instagram.com/p/DGfMI4-Mm77/?img\\_index=3&igsh=MXd4ZXFkOThpZmoxYQ==](https://www.instagram.com/p/DGfMI4-Mm77/?img_index=3&igsh=MXd4ZXFkOThpZmoxYQ==)

Біртұтас тәрбие бағдарламасының жобасы аясында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбына 9-11 сынып білім алушыларына полиция басқармасы мамандарының қатысуымен кездесу өтті. Кәмелетке толмаған білім алушыларды құқық бұзушылық пен қылмыстық сондай-ақ діни экстремизмнің алдын алу мақсатында сөз қозғалып, дәріс оқылды.



[https://www.instagram.com/p/DO0IfHDDBms/?img\\_index=4&igsh=bHpsdGkxb2N4cGdj](https://www.instagram.com/p/DO0IfHDDBms/?img_index=4&igsh=bHpsdGkxb2N4cGdj)

Ақтөбе қаласының №61 жалпы білім беретін орта мектебінде құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп инспекторы Ж.Түменбаевпен кездесу өтті.

Кездесу барысында мектеп инспекторы жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық түрлеріне сипаттама беріп, деректер келтіріп, қылмыс жасалған жағдайда әрбір азамат заңда көрсетілген ереже бойынша жауапкершілікке тартылатынын, Қазақстан заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдер түнгі сағат 22.00 ден кейін компьютерлік клубтарды отыруға және түнгі сағат 23.00 ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынғанын айтып өтті. Құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықтың не екенін ұғынады және оның санасы қалыптасып дамиды. Өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарын пайдалана біліп, қатыгездіксіз өмірлерінің сақталуы жолында аянбай еңбек ету – әр адамның басты парызы екендігі айтылды.



[https://www.instagram.com/p/DGyKabsMHCn/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/DGyKabsMHCn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

«Бала құқығы – басты назарда » зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік жоспарына сәйкес «Заң талаптары бәріне ортақ» тақырыбында Теміржол полиция бөлімінің майоры Елеусіз Айтұрған Нұрдаулетұлы ер балаларға дәріс оқыды.

Мақсаты: Құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру. Оқушыларға өз құқықтарымен еркіндіктерін шектеп ұстау міндеттілігі туралы, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке , елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.



[https://www.instagram.com/reel/DDWRStRMA\\_R/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/reel/DDWRStRMA_R/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

Ақтөбе қаласы Астана және Алматы аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқармасының әскерге шақыру және әскерден тыс бөлімінің бастыңы аға лейтенант С.Кушмухамбетов және әскери техникалық мектептер жөніндегі инспекторы С.Алмаш 10-11 сынып оқушыларына жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау, құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру мақсатында дәріс оқыды.



[https://www.instagram.com/p/C\\_fdkb7Mvqb/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/C_fdkb7Mvqb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

Алаяқтықты алдын алу мақсатында ІІБ КТІЖ УПИ Б.А.Үкібай кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу және болдырмау, құқықтық сауаттылықты арттыру, заңсыз іс-әрекеттер жасаудан қорғау, жас ұрпаққа заңға бағынушы азамат ретінде тәлім-тәрбие беру мақсатында кездесу өткізілді. Кездесу барысында кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта үй-жайдан тыс жерде ата-анасыз немесе заңды өкілдерінсіз жүруге болмайтындығы, жолда жүру барысында жол қауіпсіздігін сақтау, жаңа жыл мерекесінде пиротехникалық заттарды қолдануға болмайтындығын, ұсақ бұзақылық үшін қолданылатын жазалар жөнінде оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу туралы айтып өтті.

Сонымен қатар Білім алушыларға ең алдымен жолда жүру ережелері туралы, мектепке ұялы телефонға тыйым салынғаны туралы, кешкі мезгілде көшеде жүрмеу, кәмелетке толмағандарға түнгі уақытты көңіл көтеру орындарына баруға тыйым салу, сондай-ақ, кәмелетке толмағандарға спирттік ішімдіктері мен темекі тауарларын сатуға тыйым салу туралы айтты.



[https://www.instagram.com/p/Ckp1z4sTsD/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/Ckp1z4sTsD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

«Біртұтас тәрбие» жоспарына сәйкес ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралып, нақты шешімдер қабылданды.

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілетін іс шаралар туралы
- 2.Мектептің ішкі тәртіп ережесі
3. "Алақан" жүйесі
4. АПҚ жұмыстары
- 5.Мектепшілік үйірме секциялар жұмысы

<https://www.instagram.com/reel/DAQ93fVsHid/?igsh=MTZ1bjMzeG9hcnA4MA%3D%3D>

“ Бала қауіпсіздігі - қоғам келешегі” тақырыбында тәрбие-ісі жөніндегі орынбасар Ж.Б.Еркебаева, мектеп психологтары Ж.Н.Бекбусинова, А.Ә.Убайдуллаева ата-аналар жиналысын ұйымдастырды. Күн тәртібінде

1. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.
2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
3. 2024-2025 оқу жылындағы мектептің ішкі ережелері
4. “Буллинг, Кибербуллинг” алдын-алу жолдары , мектептегі QR- код жөнінде түсіндірілді. Сонымен қатар ата-анаға қауіпті ойындарды қадағалау үшін қондырылатын бағдарламаны орнату жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жиналыс соңында ата-аналар өз ұсыныстарын қосып, сұрақтарын қойып, сұрақтарына жауап алынды.

Кәмелетке толмағандар арасында экстремизм мен терроризмнің алдын алу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған Жол картасының 5-тармағы: Оқушылардың зайырлылық қағидаттарын нығайту, қылмыстың алдын алу, діни экстремизм мен терроризм идеяларынан қорғау мақсатында ақпараттық–түсіндіру жұмыстарын жүргізу жұмыстары бойынша N61 жалпы білім беретін орта мектебінде ағымдағы жылдың 9 сәуірінде “Адастырушы діни ұйымдардың алдын - алу” тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді. Шараға “Аңсар” орталығының

теологы С.Сапаров келіп, теріс діни ағымдағы ұйымдар туралы ақпараттар беріп, олардан аулақ болу керектігін айтып өтті. Маман оқушылар сауалдарына жауаптар берді.



<https://www.instagram.com/p/DIdBrTgo3vo/?igsh=MWdvemw1ejBzdWc1aQ%3D%3D>